

# Жұмысшы әулеттерімен жүздесті



Суретті түсірген Арман МӘМБЕТОВ

**«Нұр Отан» ХДП төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Бәйбек кеше Батыс Қазақстан облысына жұмыс сапарымен келді. Мәртебелі мейманды облыс әкімі Нұрлан Ноғаев алып жүрді.**

**Т**өраға орынбасары алдымен «Зенит» зауытын аралап, осында ұзақ жылдан бері еңбек ететін жұмысшы әулет өкілдерімен жылы шырайлы кездесу өткізді. Зауыт директоры Вячеслав Валиевтің айтуынша, зауытта күні бүгін жалпы еңбек өтілі 110 жылдан 160 жылға дейінгі аралықты құрайтын 20 жұмысшы әулеті еңбек етуде. Өткен жылы орташа жалақы 120 мың теңге болса, биылғы жылдың алғашқы тоқсанында 95 мың теңге болған. «Бұл түпкілікті көрсеткіш емес, мойнымыздағы тапсырыстарды орындағаннан кейін жұмысшыларға сыйақы ретінде тағы төлем төленеді, сол кезде орташа жалақы мөлшері де көбейе-

ді» - деді зауыт басшысы.

Кездесуде сөз алғандардың бірі – Ольга Бедова.

- Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев биылғы Жолдауында еңбек адамдарын қолдауға баса мән берді. Бұған қатты қуаныштымыз. Зауытта жұмыс жасаған біздің әулетке тоқталар болсам, 1950 жылдары «Зенитке» әкем орналасты. Одан соң анам келді. 16 жасқа толғаннан кейін мен де зауытқа жұмысқа тұрдым. 1977 жылы осы жерден болашақ жұбайымды кездестірдім. Енді, міне, біздің баламыз Андрей де зауыттың жұмысшысы атанып отыр. Біз жұмысшы әулеттің өкілдері болғанымызды әрдайым мақтан тұтамыз, - деді Ольга.

«Зениттің» тағы бір мақтанышы – жалпы еңбек өтілдері бір ғасырдан асып жығылатын Дәулетияровтар әулеті. Бұл үлкен әулеттен қазір ағайынды Серік пен Берік еңбек көрігін қыздыруда.

- Мен Орал құрылыс техникумын бітірісімен осы зауыттан жұмысымды бастадым. Әкем 40 жыл токарь болған адам. Анам да осында. Менің айрықша атап өткім келгені «Зенит» - аға буын мен жас буын өзара тәжірибе алмасатын, сабақтастығы мықты ұжым, - деді ағайындылардың үлкені, бас конструктордың орынбасары Берік Дәулетияров.

Жүздесу барысында «Нұр Отан» ХДП төрағасының бірінші орынбасары Бауыр-

жан Бәйбек Елбасы Жолдауында айтылған еңбек адамын қолдаудың маңызына «Зениттің» мысалы арқылы тоқталды.

- Зауыттарыңыздың тарихы өте тартымды әрі төлімді. Ұлы Отан соғысы жылдарында жауынгерлік орденмен марапатталыпты. Бұл да – жанкешті еңбекке көрсетілген құрмет. Кез келген қоғамның негізін құрайтын еңбек адамы екенін өзі де металлург болған Елбасы ұдайы айтуда. Әсіресе, жастар жағы оқу-білім игеріп, аға буыннан үйренулеріңіз керек. Сонда өндіріс өркендеп, еліміз алға басады, - деді Бауыржан Бәйбек.

(Жалғасы 2-бетте)





сәтте 95 және 85 жастағы қос қарияға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеп, кездесуден жақсы әсер алғанын айтып, ескерткіш сыйлық табыс етті.

\*\*\*

Осы күні түстен кейін «Нұр Отан» ХДП төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Бәйбек қаланың 9-шағынауданында облыстық «Ақжайық – Жас отау» бағдарламасы шеңберінде салынып жатқан тоғыз

верситетінің жастар тәрбиесі бөлімінің жетекшісі, университет жанындағы «Нұр Отан» бастауыш партия ұйымының хатшысы Мейрам Исатаев біздің шынайы алғысымызды Елбасына жеткізуіңізді сұраймын деді. Осындай жақсы тілекті өткен жылдары пәтерлі болған облыстық жастар қауымдастығының төрағасы Манарбек Әжкенов, облыстық төтенше жағдай департаментінің қызметкері Иван Вакуленко да жеткізді.



# Жұмысшы әулеттерімен жүздесті



қабатты 108 пәтерлік тұрғын үй құрылысында болып, құрылысшылармен жастар өкілдерімен кездесті.

«Нұр Отан» ХДП Орал қалалық филиалы төрағасының орынбасары Асыланбек Сарқұлов қалада жастарды тұрғын үймен қамтуда қолға алынған «Ақжайық – Жас отау» бағдарламасының жүзеге асып жатқаны туралы мәлімдеді қонаққа.

– Бұл бағдарлама бойынша 2008 жылы 90 пәтерлік, 2010 жылы тағы бір 90 пәтерлік тұрғын үй салынып, 150-ден астам жас отбасылары қоныстойын жасады. Енді биыл осы 108 пәтерлік үй көп кешікпей пайдалануға берілмек, – деді Асыланбек Сарқұлов.

– Біз, жастар, Елбасының салиқалы саясатын қызу қолдаймыз. Әсіресе, жастарға білім алуға, жұмыс істеуге жасап отырған Елбасының қамқорлығына өзіміздің нақты ісімізбен жауап беруіміз қажет. Мен 2010 жылы осы бағдарлама бойынша салынған 90 пәтерлік үйден пәтер алдым. Осы үйде үшінші Махамбет деген ұлымыз дүниеге келді, – дей келе Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік уни-

«Нұр Отан» ХДП төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Бәйбек Елбасының биылғы Жолдауында көрсетілген міндеттерді жүзеге асыруда облыста игі істер атқарылып жатқанына жоғары баға берді.

– Елбасы елдің болашағы – жастарға үлкен сенім артады. Оларды білім алуға, еңбек етуге шақырады үнемі, ол үшін жағдай да жасап отыр. Сондықтан жастар Елбасының осы сенім биігінен көрінеді деп сенемін. Оған мүмкіндік те бар екеніне бүгін көзім жетті. Жастарға арнап тұрғын үйлер, балабақшалар салынууда. Шағынаудан көркейіп келеді екен. Баршаңызға зор денсаулық, еңбекте табыс тілеймін, – деп жастармен жарқын көңілде қоштасты Бауыржан Бәйбек.

«Нұр Отан» ХДП төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Бәйбектің Батыс Қазақстан облысына жұмыс сапары Жәңгірхан атындағы БҚАТУ жанындағы аквамадени ғылыми-зерттеу орталығының жұмысын көрумен аяқталды.

**Тоқтар КЕНЖЕФАЛИЕВ,  
Еламан ӘЙПШЕВ**

Суреттерді түсірген  
Арман МӘМБЕТОВ, Рафхат ХАЛЕЛОВ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Нұр Отан» ХДП төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Бәйбек облысқа жұмыс сапары барысында Елбасының соғыс және еңбек ардагерлеріне қамқорлық жасау жөніндегі тапсырмасының орындалу барысына назар аударды.

«Ардагерлерді ардақтайық» республикалық акция шеңберінде атқарылып жатқан істердің жай-күйін білу мақсатында Ұлы Отан соғысының ардагері Евгений Кошечкиннің үйіне келген Бауыржан Қыдырғалиұлы мен облыс әкімі Нұрлан Асқарұлы Орал қаласының әкімі Алтай Көлгінов пен «Нұр Отан» ХДП Батыс Қазақстан облыстық филиалы төрағасының орынбасары Аққали Әубекеров қарсы алды.

Қонақтарды жылы шырайлы қарсы алған ардагерлер Евгений Кошечкин және Александр Казин өздерінің тұрмыс жағдайларының жақсы екенін, Елбасының соғыс ардагерлеріне көрсетіп отырған қамқорлығына өте риза екендіктерін білдірді.

– Елбасы, «Нұр Отан» ХДП төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев соғыс және еңбек ардагерлеріне үнемі көңіл бөліп, олардың тұрмысын жақсартуды жергілікті билікке тапсырып, өзі қадағалап отырады. Сіздердің қартайғанда шалтты өмір сүруіңіз үшін барлық жағдай жасалуы тиіс, – деді Бауыржан Бәйбек ардагерлермен әңгімесінде.

«Нұр Отан» ХДП «Жастар қанаты» Батыс Қазақстан облыстық филиалының төрағасы Дархан Қадыралиев қонаққа Орал қаласы және аудандардағы соғыс және еңбек ардагерлеріне қамқорлық көрсету барысын баяндады.

– Бізде 2500-дей жас Ұлы Отан соғысы және тыл ардагерлері мен мүгедектерін өздерінің қамқорлығына алды. Олар ардагерлер тұратын 250-ден астам үйдің ауласын қыста қардан тазарту, шарбақтағы бау-бақшаларының жерін қазу, күту, суару, тазалау жұмыстарын атқарады. Сонымен қатар үйлерін өктеп, сырлау сияқты жеңіл-желпі жөндеу

жұмыстарын атқарып жатырмыз. Бұл жұмыс жыл бойына жүргізіледі, – деді Дархан Қадыралиев.

Кездесу соңында Бауыржан Бәйбек ардагердің ауласында жұмыс істеп жүрген жастармен диалог жасап, атқарып жатқан істеріне ризашылығын білдірді. Ол ардагерлермен қоштасар

